

2016 жылға Айыртау ауданында субсидияланған басым ауыл шаруашылық дақылдардың әрбір түрі бойынша субсидия алушылар тізіміне қосу үшін өтінім беру мерзімдерін белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 24 тамыздағы № 305 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 24 тамызда № 3872 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы "Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау Қағидаларының 10-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес 2016 жылға Айыртау ауданында субсидияланған басым ауыл шаруашылық дақылдардың әрбір түрі бойынша субсидия алушылар тізіміне қосу үшін өтінім беру мерзімдері белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 24 тамыздан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

*Солтүстік Қазақстан облысы
Айыртау ауданының әкімі*

А. Тастеміров

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы
әкімдігінің 2016 жылғы 24 тамыздағы № 305
қаулысына қосымша

Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі

№ Басымды ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Өтінімдерді қабылдау мерзімі
1 Жаздық бидай	2016 жылғы 24 тамыздан 01 қазанға дейін
2 Күздік бидай	2016 жылғы 24 тамыздан 01 қазанға дейін
3 Күздік қара бидай	2016 жылғы 24 тамыздан 01 қазанға дейін
4 Арпа	2016 жылғы 24 тамыздан 01 қазанға дейін
5 Сұлы	2016 жылғы 24 тамыздан 01 қазанға дейін
6 Қарақұмық	2016 жылғы 24 тамыздан 01 қазанға дейін
7 Тары	2016 жылғы 24 тамыздан 01 қазанға дейін
8 Дәнді –бұршақты дақылдар	2016 жылғы 24 тамыздан 01 қазанға дейін
9 Майлы дақылдар	2016 жылғы 24 тамыздан 01 қазанға дейін
10 Картоп	2016 жылғы 24 тамыздан 01 қазанға дейін
11 өнеркәсіптік үлгідегі тамшылатып суару жүйесін қолдана отырып өсірген картоп	2016 жылғы 24 тамыздан 01 қазанға дейін
12 Ашық топырақтағы көкөніс және бақша дақылдары	2016 жылғы 24 тамыздан 01 қазанға дейін
13 өнеркәсіптік үлгідегі жылыжайлардағы қорғалған топырақ көкөністері	2016 жылғы 24 тамыздан 01 қазанға дейін
14 Фермерлік жылыжайлардағы қорғалған топырақ көкөністері	2016 жылғы 24 тамыздан 01 қазанға дейін
15 Жем шөптік дақылдар:	2016 жылғы 24 тамыздан 01 қазанға дейін
16 Бірінші, екінші және үшінші жылы өсіп жатқан көп жылдық бұршақ тұқымдас шөптер	2016 жылғы 24 тамыздан 01 қазанға дейін
	2016 жылғы 24

17	Бірінші жыл егілген басқа да көп жылдық шөптер	тамыздан 01 қазанға дейін
18	Сүрлемдік жүгері және күнбағыс	2016 жылғы 24 тамыздан 01 қазанға дейін
19	Бір жылдық шөптер, дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың қоспасы:	2016 жылғы 24 тамыздан 01 қазанға дейін
20	Сұлы мен бұршақ; бұршақ, сұлы және арпа *	2016 жылғы 24 тамыздан 01 қазанға дейін
21	Судан шөбі; тары; итқонақ; сұлы мен сиыржоңышқа **	2016 жылғы 24 тамыздан 01 қазанға дейін
26	Сұлы, арпа, бұршақ және бидай;сұлы мен бұршақ; тары мен бұршақ ***	2016 жылғы 24 тамыздан 01 қазанға дейін
23	Бұршақ пен сұлы; сұлы, арпа және бұршақ; судан шөбі мен бұршақ; тары мен бұршақ; бұршақ, сұлы және арпа; рапс пен сұлы ****	2016 жылғы 24 тамыздан 01 қазанға дейін

* көк азыққа ** пішінге *** пішендемеге **** жасыл конвейерге

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК